

Банктік емес сектордың 2009 жылғы 1 маусымдағы ағымдағы жағдайы

2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша республикамызда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 24 ұйым, оның ішінде 9 ипотекалық ұйым тіркелді.

№	Ұйымдардың атауы	1.01.2009	1.06.2009*
1	Ипотекалық ұйымдар	12	9
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	22	15
	Жиынтығы	34	24


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 95 508 млн. теңгені құрап, ағымдағы жылдың басынан бастап 55,5%-ға (119 069,8 млн. теңгеге) төмендеді.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар 91,9%-ды (87 815,9 млн. теңгені) құрап отыр, ал басқа банктерде орналастырылған салымдарға 0,6% (542,4 млн. теңге), бағалы қағаздар үлесіне – 1,9% (1 800,1 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 0,8% (825,7 млн. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	1.01.2009		1.06.2009		Өсім, %-бен
	млн.теңге	жиынтығын да %-бен	млн.теңге	жиынтығын да %-бен	
Қолма-қол ақша	1 736,0	0,8	818,5	0,9	-52,9
Корреспонденттік шоттар	8 788,1	4,1	825,7	0,8	-90,6
Бағалы қағаздар	12 502,2	5,8	1 800,1	1,9	-85,6
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	7 822,0	3,7	542,4	0,6	-93,1
«Кері РЕПО» операциясы	4 688,0	2,2	0	0	-100,0
Клиенттерге берілген заемдар	165 696,8	77,2	87 815,9	91,9	-47,0
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4 119,9	1,9	1 788,9	1,9	-56,6
Клиенттерге ұсынған заемдар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-4 679,0	-2,2	-10 388,6	-10,9	2,2 есе
Басқа активтер	13 903,8	6,5	12 305,1	12,9	-11,5
Барлығы активтер	214 577,8	100	95 508,0	100	-55,5

1.01.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдары активтерінің құрылымы (%)



1.06.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдары активтерінің құралымы (%)




Кредиттік портфель. Ағымдағы жылдың 1 маусымдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 48,5%-ға (82 568,9 млн. теңгеге) азайып, 87 815,9 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелі құрылымының сапасын талдай отырып, стандартты кредиттердің үлесі азайғаны байқалып тұр. Сонымен, ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 86,7%, ал 2009 жылғы 1 маусымда 59,6% болды. Күмәнді кредиттердің үлесі 12,5%-дан 37,2%-ға дейін көбейді. Үмітсіз кредиттердің үлесі 2009 жылғы 1 маусымда 3,2%-ды құрайтының атап айтқан жөн. Үмітсіз заемдардың сомасы абсолюттік мәнінде ағымдағы жылдың басынан бастап 1 421,6 млн. теңгеге көбейді.

Несие портфелі сапасының динамикасы	1.01.2009		1.06.2009	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығы % -бен	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығы % -бен
Несие портфелі барлығы	170 384,8	100	87 815,9	100
Стандартты	147 759,7	86,7	52 315,9	59,6
Күмәнді	21 200,6	12,5	32 653,9	37,2
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	9 452,2	5,6	9 086,7	10,3
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	5 399,4	3,2	7 799,3	8,9
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	416,1	0,2	234,2	0,3
<i>4 санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	3 230,9	1,9	6 022,2	6,9
<i>5 санатты күмәнді</i>	2 702,0	1,6	9 511,5	10,8
Үмітсіз	1 424,5	0,8	2 846,1	3,2

Ипотекалық ұйымдардың несие портфелінің өзгеру динамикасы, млрд. теңгемен




Ағымдағы жылдың 1 маусымдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі 2 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 96,8%-ды құрады. Олардың ішінде: «БТА Ипотека» АҚ - 65,4%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 31,4%.


Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2009 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 89 520,7 млн. теңгеге немесе 55,1%-ға азайып, 2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 72 856,7 млн.теңгені құрады. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (39,2%-ға) және басқа банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар (58,4%-ға) басым болды.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	1.01.09		1.06.09		Өсім %-бен
	млн. теңге	жиынтығы %-бен	млн. теңге	жиынтығы %-бен	
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	52 688,1	32,4	42 542,6	58,4	-19,3
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0	0	0	0	-
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	80 943,0	49,9	28 590,3	39,2	-64,7
Басқа кредиторлар	1 342,2	0,8	768,0	1,1	-42,8
Басқа міндеттемелер	27 404,1	16,9	955,8	1,3	-96,5
Міндеттемелердің барлығы	162 377,4	100	72 856,7	100	-55,1

1.01.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдары міндеттемелерінің құрылымы(%)




1.06.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдары міндеттемелерінің құрылымы (%)



Кірістілік. Есепті күнге ипотекалық ұйымдар 1 842,1 млн. теңге мөлшерінде шығын шығарды. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 15 531,8 млн. теңге (2008 жылғы 1 маусымда – 14 439,4 млн. теңге) болды, шығыстардың жиынтық мөлшері – 17 373,9 млн. теңге (2008 жылғы 1 маусымда – 14 391,8 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	1.06.2008	1.06.2009	Өсім %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	10 306,0	5 176,1	-49,8
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	6 892,7	3 136,8	-54,5
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	4 133,4	10 355,7	2,5 есе
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	7 499,1	14 237,1	89,9

Ипотекалық ұйымдар кірістілігінің (шығын) динамикасы, млн. теңгемен



Пайыздық кірістер құрылымында қайта бағалаудан түскен кірісті алуға байланысты кірістер (32,4% немесе 5 030,4 млн. теңге) біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында қамтамасыз етуге қаржыны бөлу (54,4% немесе 9 453 млн. теңге) ең көп орын алады.

Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капиталы 2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 22 651,3 млн. теңге болды, бұл ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткіштерден 56,6%-ға (29 549,2 млн. теңгеге) аз.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	1.01.09	1.06.09
Жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млн. теңге	43 903,4	20 658,8
Есептелген меншікті капитал, млн. теңге	47 626,3	18 474,4
Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті ($K1 \geq 0,12$)	0,249	0,181

*) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Ұлттық әл-ауқат қоры қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және "Қазақстан инвестициялық қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы N 135-IV Заңымен 2009 жылғы 21 ақпаннан бастап мына ұйымдар лицензияларының қолданылуы тоқтатылды:

«Оңалту» АҚ;

«Қаржы орталығы» АҚ;

«Достық Энерго» АҚ;

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ;

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ;

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ;

«Қазақстан ипотекалық компания» АҚ.

«ҚҰРЫЛЫС ИПОТЕКА» ипотекалық ұйымы» АҚ-ның 2009 жылғы 29 қаңтардың №19 шешімімен лицензияның қолданылуы тоқтатылды.

«Тимей» ФПК-ның 2009 жылғы 07 сәуірдің №111 шешімімен лицензияның қолданылуы тоқтатылды.

«Алматы Финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ-ның 2009 жылғы 29 сәуірдің №128 шешімімен лицензияның қолданылуы тоқтатылды.